Мен Атырау қаласында дүниеге келдім. Бұл қалада көпірге шығып, бірақ қадам бассан, Азиядан Еуропаға жетесің. Кеңес Одағында өмір сұрып, желтоқсанның бір күні Қазақстан Республикасында ояндым. Сағаттың секундтік тілі бір рет жылжып, мен жиырмасыншы ғасырдың адамынан Х буынының өкіліне айналдым. Ал індет басталғанда «офлайн» мен «онлайн» арасында таңдау жасауыма тура келді.

Континенттер, дәуірлер, мәдениеттер мен ұғымдар арасындағы шекаралық кеңістікте өмір сүргендіктен, кейде өзімді қоғамның қай тобына жатқызырымды білмей абыржымын:

- Ұлтым қазақ болғанымен, орысша ойлап, орысша жазамын;
- Программист – кәсіби мамандығым, ал проза мен драматургияны жүрек қалауыммен таңдадым;
- Қазақы тәрбие алған әйелмін, бірақ еуропа білімінен сусындадым.

Қазақ фильмдерін көріп отырсам, маған олардың сюжеттері шетелдік кино туындыларынан көшіріліп алынғандай көрінеді. Тіпті алғашқы кадрларындағы қураған шөптің сыбдыры мен желдің гуіліне толы күй дыбыстары маған жат көрінеді. Қазіргі қазақстандық авторлардың шығармаларын оқысам, кейде кейіпкердің ұлты кім, қай елде тұратынын түсінбеймін. Кейіпкерлердің есімдері кез келген елдің азаматтарына қойсаң келе береді, олардың өміріндегі оқиғалар әлемнің кез келген түкпірінде орын ала алады. Кейіпкердің есімі мен оқиға орнын өзгертсең, туындының өзіндік ерекшелігі бірден жоғалады.

Ауғанстаннан балалық шағында көшіп кеткен американдық жазушы Халед Хоссейнидің өзінің ұлттық бірегейлігін сақтап, шығармаларында ұлттық нақышты бере алғаны расында таңғалдырады. Неліктен Қазақстанда

тұратын авторлардың кейіпкерлері отандастарының көңілінен шықпайды, шығармаларында бейнеленген қазақ даласы Эрнест Сетон-Томпсонның прерияларына ұқсайды?

Өз әңгімелерім мен пьесаларымды орыс тілінде жазып, мен оларды еліміздің халқының алпыс пайызынан астамын құрайтын қазақ тілді оқырмандарға таныта алмаймын. Ана тілімде жазбаймын, ал қазіргі қазақстандық авторлардың шығармалары орысшадан қазақ тіліне сирек аударылады, сондықтан да мен қазақ авторларының қатарынан орын ала алмаймын. Алайда өзімді орыс авторларының қатарына жатқызбаймын. Орыс жазушысы болу үшін сен Ресейде дүниеге келіп, Лев Толстойдың Ясная Полянада күн кешкеніндей өмір сүріп, орыс болмысына тән барлық нәрселерді: жасыл желек жамылған жайылмаларды, бір тал шөпке тізілген бүлдіргенді, өзенге майысып асылып тұрған сықырлауық ағаш көпірді – бойыңа сіңіруің керек.

Меніңше, қазіргі таңда қазақстандық автор болу жазушыға біраз кедергілер тудырады: шығармаларыңды оқитын аудиторияның шектеулі болуы, тақырып жағынан да осындай шектеулердің бар болуы (туындыларың шетел оқырманына түсініксіз бола ма деп қорқасың, ұлтың қазақ болған соң ұятмендердің сынына ілікпеу үшін сөздерді абайлап, сақтықпен қолданасың).

Өмір мен шығармашылықтың тепе-теңдігін қалай табуға болады? Қазақстанда болып жатқан оқиғалар мен отандастарыңның өмірі туралы жазатын болсаң, басқа жерде кездеспейтін, тек біздің мәдениетімізге тән нәрселерді қалай сақтауыңа болады? «Мен кіммін – қазақстандық, қазақ не орыс жазушысымын?» деген сұраққа қалай жауап табуыңа болады?

Өзім үшін мынадай шешім қабылдадым: мен қазақстандық автормын. Енді оқырман өз таңдауын жасауы керек.

LIFE AT THE INTERSECTION...

I was born in the city of Atyrau, and it takes just one step across the bridge to move from Asia to Europe. I lived in the Soviet Union and it took just one December dawn to wake up in the Republic of Kazakhstan. At the click of the clock's second-hand, I turned from a resident of the twentieth century into a Generation X person, who has seen times without the Internet. And Covid-19 forced me to balance between "offline" and "online".

Existing at the junction of continents and eras, cultures and concepts, I often feel uneasy, unable to feel like I belong to any particular community:

- Kazakh by nationality, but writing and thinking in Russian;
- A software engineer by profession, but a novelist and playwright by vocation;
- A woman with an Eastern upbringing, but a European education.

I watch Kazakh cinema, whose stories seem copied from foreign movies. Even the sound of the cue from the first scenes, imbued with the rustle of dry grass and the rumble of the wind, seems foreign. I read modern Kazakhstani authors, and sometimes it is not easy to feel the nationality of the characters and where they come from. The names of the characters have become international, the events that happen to them can happen anywhere in the world, and it only requires a change of names and place, and the impression of the uniqueness is lost.

One wonders how, for example, the American writer Khaled Hosseini, who left Afghanistan as a child, managed to preserve his national identity and wrap his books in it. And why is it so difficult for authors living in Kazakhstan to make Kazakh heroes recognizable, and native steppes not similar to the prairies of Ernest Seton-Thompson?

I write my stories and plays in Russian, which immediately severs off Kazakh-speaking readers who make over 60 % of the population. I do not write in my mother tongue, and modern Kazakh authors are seldom translated from Russian into Kazakh, which automatically strips me of the status of a Kazakh author. But I don't consider myself a Russian author either. To become a Russian writer, you must be born and live in Russia, like Leo Tolstoy in Yasnaya Polyana, and feel Russian with all your soul: the bright green of flooded meadows, strawberries beaded on a stalk of grass, a creaking wooden bridge across the river.

To be a Kazakhstani author these days, for me, means to be limited: limited in readership; limited in the subject matter, since there is always a fear that the work will turn out parochial and neglected by readers from other countries; limited in freedom of expression because of ethnicity and the phenomenon of «Uyat» (Kazakh for "shame").

How to find balance in your work and your life? How to write about events in Kazakhstan and destinies of Kazakhs, preserving something unique, not thinkable in other countries? How to understand who you are — a Kazakhstani, Kazakh, or Russian writer?

I guess I have long decided for myself that I am a Kazakhstani author. Now it's up to the reader.



АМАН РАХМЕТОВ

АМАН РАХМЕТОВ / AMAN RAKHMETOV

АМАН (АМАНГЕЛДИ) РАХМЕТОВ. Ақын. 1995 жылдың 3 маусымында Қазақстандағы Орал қаласында дүниеге келген. 11 жасында, «Жас ұлан» әскери мектеп-интернатында оқып жүрген кезде өлең жаза бастады. Мектепті бітірген соң Н. Е. Жуковский мен Ю. А. Гагарин атындағы әскери-әуе академиясына түсті, сол кезде поэзияға көбірек қызығушылық таныта бастады.

2017 жылы РФ Жазушылар одағы ұйымдастырған поэзия семинарына қатысқан. Платонов фестивалінің әдеби оқылымдарына қатысушы. «Земля возвращается, и люди...» («Жер айнала береді, ал адамдар...») атты өлеңі ««Аңсар» таңдауы бойынша Қазақстандағы 50 үздік әдеби еңбек» жинағына енген.

2018 жылы өлеңдері алғаш рет «Подъём», «Мысли» журналдарында жарияланды.

Воронеж жас әдебиетшілерінің облыстық кеңесіне қатысушы.

2019 жылы Вячеслав Лютыйдың алғысөзімен «Почти» («Дерлік») атты тұңғыш өлеңдер кітабы жарық көрді.

Шығармалары «Простор», «Молоко», «Камертон» журналдарында, «Литературная Россия» газетінде басылды.

2020 жылы өлеңдері «Нева», «Дружба народов», «Формаслов», «Дактиль», «Новый берег», «Подъем», «Простор» журналдарында жарияланды.

СЭИП қоры ұйымдастырған поэзия семинарына қатысушы. Семинар жетекшісі – Анна Гедымин.

2021 жылы Алматылық ашық әдебиет мектебін бітірген, поэзия семинарының жетекшісі – Евгений Абдуллаев.

«Стихи» баспасы ұйымдастырған поэзия семинарына қатысушы, семинар жетекшісі – Алексей Алёхин.

Өлеңдер «Гостиная» журналында жарияланды.

АМАН (АМАНГЕЛЬДЫ) РАХМЕТОВ. Поэт. Родился 3 июня 1995 года в городе Уральск (Казахстан). Первые стихи были написаны в военной школе-интернат «Жас улан» в возрасте 11 лет. После окончания школы поступает в военно-воздушную академию им. Н. Е. Жуковского и Ю. А. Гагарина, где начинает относиться к поэзии серьезно.

2017 г. – участник семинара поэзии «современник» при союзе писателей РФ. Участник литературных чтений на Платоновском фестивале. Стихотворение «Земля возвращается, и люди...» вошло в сборник «50 лучших литературных работ Казахстана по версии «Ансар»».

2018 г. – первая публикация стихов в журнале «Подъём», «Мысли».

Участник воронежского областного совещания молодых литераторов.

2019 г. – первая поэтическая книга — «Почти» с предисловием Вячеслава Лютого.

Публикации в литературных журналах «Молоко», «Простор», «Камертон» и в газете «Литературная Россия».

2020 г. – публикации стихов в журналах «Нева», «Дружба народов», «Формаслов», «Дактиль», «Новый берег», «Подъем», «Простор».

Участник семинара поэзии фонда СЭИП. Руководитель Анна Гедымин.

2021 г. – выпускник открытой литературной школы Алматы, руководитель семинара поэзии Евгений Абдуллаев.

Участник семинара поэзии издательства «Стихи», руководитель семинара поэзии Алексей Алёхин.

Публикация стихов в журнале «Гостиная».

AMAN (AMANGELDY) RAKHMETOV. A poet. He was born on June 3, 1995 in Uralsk (Kazakhstan), wrote his first poems in the military boarding school "Zhas ulan" at the age of 11. After graduating from school, he was enrolled into the Military Air-Force Academy named after N. Zhukovsky and Y. Gagarin, where he began to take poetry seriously.

2017 – Took part poetry seminar "contemporary" held under the Union of Writers of the Russian Federation. Participated in literary readings at the Platonov Festival. The poem "The Earth revolves, and people..." was included in the collection "50 best literary works of Kazakhstan according to "Ansar".

2018 – His poems were published in the magazine "Podyem", "Thoughts".

Participant of the Voronezh regional convention of young writers.

2019 – His first poetry book – "Almost" – comes out with a foreword by Vyacheslav Lyutoy.

Publications in literary magazines "Moloko", "Prostor",

"Kamerton" and in the newspaper "Literary Russia".

2020 – Publications of poems in the magazines "Neva", "Friendship of Nations", "Formaslov", "Dactyl", "New Bank", "Lift", "Prostor".

Took part in the poetry workshop of the SEIP Foundation, supervised Anna Gedimin.

2021 – Graduate of the open literary school in Almaty, head of the poetry workshop Evgeny Abdullayev.

Participant of the poetry seminar of the publishing house "Poetry", head of the poetry seminar Alexey Alyokhin.

Poems published in "Gostinaya" journal.

ЧТО Я МОГУ СКАЗАТЬ МИРУ КАК КАЗАХСТАНСКИЙ АВТОР?

Прежде, чем ответить на этот вопрос я хочу определить, а точнее поставить себя в рамки казахстанского автора. Это необходимо в том смысле, что я – это в первую очередь я, а уже потом все остальное. Для своей матери я сын, для жены муж, для читателя моих текстов поэт. Я думаю, что главное для человека – это быть существенным в первую очередь. Так, для матери я являюсь хорошим (любое прилагательное) сыном, для жены – верным мужем, для читателя – либо плохим, либо хорошим. Читатель не будет задумываться о том, к какой национальности я принадлежу, он будет думать о стихах, если, конечно, они ему понравятся.

К примеру, я восхищаюсь степным волком Германа Гессе. Он пишет: «Человек – это сад с сотнями деревьев, сотнями плодов, сотнями трав». Это прекрасный образ. Я не говорю – немецкий писатель Герман Гессе, я говорю просто – Герман Гессе. Кобо Абэ пишет: «Год за годом мимо них, как воды реки, текут ученики и уплывают, а учителя, подобно камням, вынуждены оставаться на дне этого потока.» Сравнить учителей с камнями, а учеников – с мимо проплывающими водами – это жестоко и красиво. И здесь я не говорю японский писатель Кобо Абэ.

Но для кого я – не просто поэт, а казахстанский автор? Не для носителя русского языка и не для моего соотечественника. Я буду казахстанским автором для третьего человека, для переводчика или для читателя этих переводов. И вот, что я могу сказать этому миру, как казахстанский автор? Все, что угодно. Я казах. Я буду говорить уверенно, что я казах, ибо доказательством этого факта будет строчка в моем паспорте и разрез глаз на моем лице. Я казах, который думает и говорит не на казахском, но на русском языке. И дело не в сложившихся обстоятельствах, дело в моем выборе. Да, отчасти я заблудившийся кочевник русской речи и как правило, всякий заблудившийся должен непременно узнать свои следы и вернуться по ним домой, в начало своего пути, чтобы, взглянув на свою жизнь как на свою личную историю, пойти новой дорогой. Но я никуда не вернусь. Я привык к пространству русского языка, стены которого обвешаны стихотворениями сотней поэтов и писателей. Я привык к этому воздуху.

Я понял, что важно видеть расстояние между буквами, потому что оно всегда одинаковое, если оно не одинаковое, то это не слово, а предложение. Это малая пустота внутри слова и есть начало мысли. С (воздух) т (воздух) о (воздух) л. Следующие расстояние – между словами.

Оно больше и его можно услышать. Так, у каждого человека есть свое слово и это его имя. И имя — оболочка с некой пустотой внутри, которая необходима для первой мысли.

И все это, казалось бы, в чужом для меня пространстве. Раньше я испытывал стыд за незнание своего родного языка (не бытового, литературного), но сегодня я осознаю, что пространство языка не шире пространства как такового. То есть, не стоит придавать этому большого значения. Если мы красим стены своей квартиры это не значит, что стены подъезда должны быть обшарпанными и бесцветными. Так быть не должно. Мы должны стремиться к равновесию пространства. Грубо говоря, если моя квартира окрашена в зеленый цвет, а квартира соседа в синий — это означает, что моя квартира окрашена в зеленый, а квартира соседа в синий и не обязательно чтобы цвет подъезда был бирюзово-синим. Достаточно, чтобы он был чистым. Мы, современные люди, способны ловить и удерживать равновесие пространства, когда как другое, равное по значимости измерение становится полной противоположностью в контексте моего разговора. Я говорю о равновесии времени. Я говорю о невозможности. Время — это лошади, мчащиеся неизвестно куда, лишь бы мчаться и когда какое-нибудь чудо искусства возникнет на пути этого стада часть стада провалится в пропасть мгновения не по своей воле, по инерции, а другая часть будет не понимать происходящего из-за плотной степной пыли. А может время это никакие не лошади, но высокие холодные мраморные статуи без каких-либо образов (безобразные) и любви. Не важно. Мы все равно будем относиться к часам как к одному из удобств, которое выдумал человек. Время — это стул. Время — это чашка утреннего кофе.

И все-таки, вопреки войнам и болезням, ровное тихое искусство слова всегда находило это равновесие, чтобы человек шёл, ибо люди канатоходцы во языцех. Идти не значит шагать в целом, но говорить и наблюдать. Хорошее стихотворение это вечность, и к вечности мы всегда близки, важно чувствовать себя, свою кожу, эту нежную границу, которую легко перейти. Стоит лишь открыть глаза.

Что еще я могу сказать этому миру? Я повторяюсь — все что угодно, но станут ли меня слушать, а если и станут, поймут ли меня правильно? Примут ли мой голос за степной тюльпан, а горло за китайскую стеклянную вазу? Поймут ли, что ключицы могут быть не только побережьем атлантического океана, но и рукояткой тугого тюркского лука. Смогут ли они почувствовать зуд каждой стрелы в молчаливом колчане? Я не знаю. Борис Поплавский в своей статье «Среди сомнений и очевидностей» заметил: «Не для себя и не для публики пишут. Пишут для друзей. Искусство есть частное письмо, посылаемое наудачу неведомым

друзьям и как бы протест против разлуки любящих в пространстве и во времени. Потому-то так же мало настоящих читателей, как мало настоящих друзей. Потому-то каждый настоящий читатель мог бы быть другом и сам бы того хотел». И вот, что я бы сказал своему другу.

Сегодня я смотрел на дерево, ветви которого отпилили по высоте двух метров. Одна из веток, срубленная у основания так и не коснулась земли. Она держалась за остальное дерево, как человек держится за другого человека. Не тянется, а именно держится. Это случайность, но я так хочу отдавать себя полностью таким случайностям. Так, человек изучающий космос иногда перестает думать и начинает просто наслаждаться звёздами.

МЕН ҚАЗАҚСТАНДЫҚ АВТОР РЕТІНДЕ ӘЛЕМГЕ НЕ АЙТА АЛАМЫН?

Бұл сұраққа жауап берер алдында менің өзіме қазақстандық автор ретінде анықтама беріп, өзімді «қазақстандық автор» деген ұғымның шеңберінде қарастырғым келеді. Мұның мәні мынадай: ең алдымен мен — бұл мен, ал тек содан кейін басқа әлеуметтік рөлдер жиынтығымын. Анам үшін мен оның ұлымын, әйелім үшін — оның жарымын, мәтіндерімнің оқырманы үшін ақынмын. Адам үшін ең бастысы — алдымен белгілі бір зат есім болу деп ойлаймын. Сөйтіп, анам үшін мен жақсы (кез келген сын есім) ұлымын, әйелім үшін — адал жарымын, оқырманым үшін мен не жаманбын, не жақсымын. Оқырманға өлеңдерім ұнаса, ол менің ұлтымның кім екені туралы ойланбай, өлеңдерім туралы ойлайтын болады.

Мәселен, мен Герман Гессенің «Дала қасқырын» тұшынып оқимын. Ол: «Адам — бұл жүздеген ағашқа, жүздеген жеміске, жүздеген шөпке толы бақ», — деп жазады. Бұл тамаша бейне. Бірақ мен «неміс жазушысы Герман Гессе» деп айтпаймын, жай «Герман Гессе» деп айтамын. Кобо Абэ: «Жылдан жылға шәкірттері олардың жанынан өзеннің суындай ағады да кетеді, ал ұстаздар тастар тәрізді бұл ағынның түбінде қалуға мәжбүр», — деп жазады. Ұстаздарды тастармен, ал шәкірттерді — жанынан ағатын суымен салыстыруда қатыгездік те, сұлулық та бар. Және мұнда мен «жапон жазушысы Кобо Абэ» деп айтпаймын.

Бірақ мен кім үшін жай ғана ақын емеспін, «қазақстандық автормын»? Орыс тілінде сөйлеушілер үшін емес, отандастарым үшін де емес шығар. Мен үшінші жақ үшін — аудармашы не аударманың оқырманы үшін қазақстандық автор боламын. Енді бұл әлемге қазақстандық автор ретінде не айта аламын? Кез келген нәрсені. Мен қазақпын. Мен қазақпын деп сеніммен айтамын, себебі соның дәлелі — төлқұжатымдағы бір жол

және қысыңқы көзім. Мен қазақша емес, орысша ойлайтын, орысша сөйлейтін қазақпын. Мұның себебі қалыптасқан жағдайда емес, менің таңдауымда. Рас, бір жағынан мен орыс тілінің сүрлеуімен жүріп, жолдан адасқан көшпендімін, адасқан адам әдетте қалдырған ізін айырып, танып, өз ізімен жүріп, үйіне, жолының бастауына қайта оралады, өмірін өзінің жеке тарихындай қабылдап, өткенге көз тастап, әрі қарай басқа жолмен бармақ болады. Бірақ мен қайта оралмаймын. Мен қабырғалары жүздеген ақын-жазушының өлеңдеріне толы орыс тілінің кеңістігіне бауыр бастым. Мен бұл ауаға бауыр бастым.

Әріптердің арасы үнемі бірдей болған соң, оны көре білу маңызды екеніне көз жеткіздім. Егер ол бірдей болмаса, бұл сөз емес, сөйлем. Осындай сөз ішіндегі титтей бос жерден ой бастау алады. Ү (ауа) с (ауа) т (ауа) е (ауа) л. Тағы бір аралық – сөздер арасы. Ол үлкенірек, оны естуге болады. Сөйтіп, әр адамда өзінің сөзі бар, бұл – оның есімі. Есімі – алғашқы ойды тудыратын қуысты қоршайтын қабық.

Осының барлығы мен үшін «жат» кеңістікте болған. Бұрын мен ана тілімді білмегенім үшін ұялатынмын (бұл жерде мен күнделікті тұрмыстағы тілді емес, әдеби тілді меңзеп тұрмын), бірақ бүгін мен тіл кеңістігі табиғи кеңістіктен артық емес деп ойлаймын. Басқаша айтқанда, осыған аса мән берудің қажеті жоқ. Біз пәтеріміздің қабырғаларын бояп алсақ, бұл кіреберіс дәліздің қабырғаларының өңі кеткен, сұр болуы керек деген сөз емес. Бұл дұрыс емес. Біз кеңістіктің тепе-теңдігін сақтауымыз керек. Жай сөзбен айтқанда, егер менің пәтерім жасыл түске боялған болса, ал көршімнің үйі – көк түске, бұл пәтерім жасылға, ал көршімдікі көкке боялған дегенді білдіреді, осындайда кіреберіс дәліздің түсі көгілдір болмауы мүмкін. Таза болса, болды. Біз, заманауи адамдар, кеңістіктің тепе-теңдігін сақтай аламыз, бірақ басқа, маңызы бірдей өлшем әңгімемнің контекстінде қарама-қарсы құбылысқа айналып отыр. Мен уақыт тепе-теңдігі туралы айтып тұрмын. Мен мүмкін емес нәрселерді меңзеп тұрмын. Уақыт дегеніміз – бұл белгісіз бағытқа қарай, қай жаққа маңызды емес, құйындатып шауып бара жатқан бір үйір жылқы. Бір өнер кереметі бұл үйірдің жолын бөгеп тұруы мүмкін, үйірдің бір бөлігі өз еркімен емес, инерция бойынша сол сәттің құрдымына құлап кетеді, ал қалғандары бұрқыраған қалың дала шаңы астында қалып, не болып жатқанын түсінбей қалады. Мүмкін, уақыт – бұл жылқылар да емес, биік суық мәрмәр мүсіндер, пішінінде ешқандай бейне да (бейнесіз), махаббат та жоқ. Бұл маңызды емес. Біз бәрібір сағатты адам ойлап тапқан ыңғайлы бір құрал ретінде қабылдаймыз. Уақыт – бұл орындық. Уақыт – бұл таңғы бір кесе кофе.

Дегенмен, соғыстар пен індеттерге қарамастан, тыныш, баяу сөз өнері бұл тепе-теңдікті әрқашан таба білген: оның арқасында адам баласы арқан бойымен жүретін әртісіндей ілгері қарай жүре берді. Жүру – бұл жалпы

«қадам басу» деген сөз емес, бұл «сөйлеу мен қарау» дегенді білдіреді. Жақсы өлең – бұл мәңгілік, ал мәңгілікке біз қашанда жақынбыз, тек өз тәніңді, өз теріңді сезуің керек, өйткені бұл нәзік шекарадан өту оңай.

Тек көзіңді ашсаң.

Мен бұл әлемге тағы не айта аламын? Мен қайталап айтамын – кез келген нәрсені, бірақ адамдардың мені тыңдағысы келе ме, ал тыңдаса, дұрыс түсіне ме? Олар дауысымды дала қызғалдағына, ал көмейімді қытай шыны гүл сауытына балай ма? Бұғаналар тек Атлант мұхитының жағалауы емес, түріктің қатты керілген садағының сабы де болуы мүмкін дегенді түсіне ме? Үнсіз қылшандағы әр оқтың дірілін сезе ме? Мен білмеймін. Борис Поплавский өзінің «Күдіктер мен айқын нәрселер арасында» мақаласында: «Өзі үшін емес, көпшілік үшін емес те жазады. Достар үшін жазады. Өнер дегеніміз – бұл ғашықтардың кеңістікте мен уақытта айырылысуына қарсылық білдіргендей, бейтаныс достарға тәуекел деп жеке хаттың жіберілуі. Сондықтан нағыз дос қаншама аз болса, нағыз оқырман соншама аз. Сондықтан да әр нағыз оқырман дос болуы мүмкін және болғысы келуі мүмкін», – деген ойымен бөлісті. Міне, досыма осындай сөздерді айтар едім.

Бүгін мен бұтақтары екі қабаттай биіктікте қиылған ағашқа қарап тұрдым. Түбі кесілген бір бұтақ жерге жақындамады. Ол ағашпен адамдай «қол ұстасты». Қолын созып тұрды емес, ағаштың «қолын» ұстап тұрды. Бұл сәйкестік, бірақ өзімнің мынадай сәйкестіктерге жан-тәнімен берілгім келеді. Сол сияқты, ғарышты зерттейтін адам кейде ғылым туралы ойламай, жұлдыздарды жай ғана тамашалап тұрады.

WHAT CAN I SAY TO THE WORLD AS A KAZAKHSTANI AUTHOR?

Before answering this question, I would define, or rather put myself within the frames of a Kazakhstani author. This is necessary in the first place because I am me, and then goes everything else. For my mother, I am a son, for my wife a husband, for my reader – a poet. I think that the most important thing for a person is to be a noun. So, to my mother I am a good (or any other adjective) son, to my wife I am a faithful husband, to the reader I am either bad or good writer. The reader will not think about my nationality, he will think about the poems, if, of course, they will be to his or her liking.

For example, I admire Hermann Hesse's Steppenwolf. He writes, «Man designs for himself a garden with a hundred kinds of trees, a thousand kinds of flowers, a hundred kinds of fruit and vegetables.» It's a beautiful image. I don't say German writer Herman Hesse, I just say Herman Hesse. Kobo Abe writes,

« Year after year students tumble along like the waters of a river. They flow away, and only the teacher is left behind, like some deeply buried rock at the bottom of the current.» To compare teachers to rocks and students to passing waters is cruel and beautiful. And here I'm not talking about Japanese writer Kobo Abe.

But are there those for whom I am not just a poet, but a Kazakhstani author? Not for a Russian speaker and not for my compatriot. I will be a Kazakhstani author for a third person, for a translator or for the reader of these translations. And so, what can I say to this world as a Kazakhstani author? Is there anything to say at all. I'm a Kazakh. I will say with confidence that I am a Kazakh, for the proof of this fact will be the line in my passport and the cut of my eyes on my face. I am a Kazakh who thinks and speaks not Kazakh, but Russian. And it's not about the circumstances, it's about my choice. Yes, in part I am a lost nomad of the Russian language, and as a rule, anyone who has lost their way must surely recognize their footprints and follow them back home, to the beginning of their journey, to look at their life as a personal history, to take a new road. But I am not going back. I am used to the space of the Russian language, the walls of which are covered with poems by a hundred poets and writers. I got used to that air.

I have learned that it is important to see the distance between letters because it is always the same; if it is not the same, it is not a word but a sentence. This minor emptiness within the word is the beginning of thought. T (air) a (air) b (air) l (air) e. The next distance is between words. It is larger and can be heard. Each person has their word and it is their name. And the name is a shell with a kind of emptiness inside, an emptiness necessary for the first thought.

And all of this seems to be in a space that is foreign to me. I used to feel ashamed of my ignorance of my native language (not everyday speech, but literary), but today I am aware that the space of language does not go beyond space as such. That is to say, we shouldn't attach much importance to it. If we paint the walls of our apartment, this does not mean that the walls of the flight of steps outside should be shabby and colorless. It doesn't have to be that way. We should be looking for balanced space. Roughly speaking, if my apartment is painted green and my neighbor's blue, it means my apartment is painted green and my neighbor's blue, and the color of the shared flight of steps does not have to be turquoise blue. Its being clean will suffice. We modern people are able to catch and hold the balance of space, while the other, equally important dimension becomes the exact opposite in the context of my conversation. I'm talking about the balance of time. I'm talking about impossibility. Time is like horses, rushing god-knows-where, only for the sake of rushing, and when some miracle of art appears on the way of this herd, one part of the herd will fall into the abyss of the moment unwillingly,

by inertia, and another part will not understand what is happening because of the dense steppe dust in the air. Or maybe the time is nothing like horses, but tall cold marble statues without any images (disfigured) and love. It doesn't matter. We will still treat the clock as one of the conveniences that man has invented. Time is a chair. Time is a cup of morning coffee.

And yet, in spite of wars and disease, the smooth quiet art of letters has always found this balance to keep a man walking, for men are rope walkers of tongues. To walk does not mean only to step forward, but also to speak and to observe. A good poem is eternity, and to eternity we are always close, one has to feel themselves, their skin, this delicate border, which is easy to cross. All it takes is to open one's eyes.

What else can I say to this world? I'll say it again — anything, but will they listen to me, and if they do, will they get me right? Will they mistake my voice for a steppe tulip and my throat for a Chinese glass vase? Will they understand that my collarbones can not only be the coast of the Atlantic Ocean, but also the hilt of a tight Turkic bow. Will they be able to feel the tingle of each arrow in the silent quiver? I don't know. Boris Poplavsky, in his article «Among Doubts and Obviousness,» observed, «One does not write for oneself or for the public. One writes for friends. Art is a private letter sent at random to unknown friends, a kind of protest against the separation of lovers in space and time. This is why there are as few true readers as there are few true friends. That's why every real reader could be a friend and, what is more, would like to be one. And this is what I would say to my friend.

Today I was looking at a tree whose branches had been sawn off at a height of two meters. One of the branches, cut down at the base, never touched the ground. It was holding on to the rest of the tree, like a person holding on to another person. Not pulling, but holding. It is an accident, but I am so willing to give my entire self to such accidents. So, a person exploring the cosmos sometimes stops thinking and starts enjoying the stars.



ИРИНА ГУМЫРКИНА

ИРИНА ГУМЫРКИНА / IRINA GUMYRKINA

ИРИНА ГУМЫРКИНА

2017-2018, 2020-2021 жылдары Алматылық ашық әдебиет мектебінде поэзия семинарына, 2021 жылы «СТИХИ» баспасының Мәскеудегі студиясы ұйымдастырған поэзия семинарына қатысты. «Орыс поэзиясы бойынша 2017 жылғы әлем кубогының», «Хрустальный родник-2018» («Хрусталь бұлақ-2018») атты Жалпыресейлік әдеби фестиваль-байқауының иегері, «45 калибр» байқауының бірнеше маусымының, «Русский Stil» фестивалінің (Германия, 2017) финалисті. Қаламгер К. Симоновты еске алуға арналған VI халықаралық әдеби байқаудың (2016), «Барабан Страдивари» атты өнер фестиваліндегі әдеби байқаудың (Израиль, 2017) жеңімпаздар тізіміне, И.Ф. Анненский атындағы әдеби сыйлықтың (2019), «Лицей» сыйлығының (2020) лонг-тізіміне енген. «СТИХИ» баспасы ұйымдастырған «Кубок в кубке» («Кубоктағы кубок», 2020) сыйлығының финалисті, Қазақстандағы әдеби фестивальге қатысушы (2019). «Сквозь тьму и свет» («Түнек пен жарықты жарып», Алматы, 2020) және «Свойства вещей» («Заттардың сипаттары», Мәскеу, 2021) өлеңдер кітаптарының авторы. Қазақстандық «Дактиль» әдеби онлайн-журналының бас редакторы.

ИРИНА ГУМЫРКИНА

Окончила семинары поэзии Открытой литературной школы Алматы (2017-2018 и 2020-2021) и московской студии издательства «СТИХИ» (2021). Лауреат «Кубка мира по русской поэзии-2017», Всероссийского литературного фестиваля-конкурса «Хрустальный родник-2018», финалист нескольких сезонов конкурса «45 калибр» и фестиваля «Русский Stil» (Германия, 2017). Вошла в список победителей VI международного литературного конкурса, посвященного памяти писателя К.Симонова (2016), литературного конкурса фестиваля искусств «Барабан Страдивари» (Израиль, 2017), в длинный список «Русской премии» (2016), в лонг-лист литературной премии им. И.Ф.Анненского (2019) и премии «Лицей» (2020). Финалист премии «Кубок в кубке» издательства «СТИХИ» (2020), участник литературного фестиваля в Казахстане (2019). Автор книг стихотворений «Сквозь тьму и свет» (Алматы, 2020) и «Свойства вещей» (Москва, 2021). Главный редактор казахстанского литературного онлайн-журнала «Дактиль».

IRINA GUMYRKINA

She graduated from the poetry seminars of the Open Literary School Almaty (2017-2018 and 2020-2021) and the Moscow studio of the publishing house "STIHI". (2021). Winner of the "Russian Poetry World Cup 2017", the All-Russian literary festival-competition "Crystal Spring 2018", finalist of several seasons of the competition "45 gauge" and the festival "Russian Stil" (Germany, 2017). She was among the winners of the VI International Literary Competition dedicated to the memory of writer K. Simonov (2016), the literary competition of the Stradivarius Drum Arts Festival (Israel, 2017), she was in the long list of the

"Russian Prize" (2016), the long list of the literary prize named after I. Annensen (Germany, 2017). I. Annensky (2019) and the Lyceum Prize (2020). A finalist for the Cup in Cup Award from STiHI Publishers. (2020), participant in the literary festival in Kazakhstan (2019). Author of books of poems "Through Darkness and Light" (Almaty, 2020) and "Properties of Things" (Moscow, 2021). "Daktyl" online literary magazine editor-in-chief.

Ко мне приходили люди с того света,
ходили по коридору, пугали кошек.
Они были очень странно одеты,
люди из прошлого.

Они закрывались в спальне и тихо пели,
когда я входила в комнату – замолкали
и сквозь меня куда-то смотрели.
А кошки лакали

разлившийся по полу свет серебристо-лунный,
который на молоко был похож на вкус.
Ко мне приходили люди, когда умер
мой Иисус.

Этот город увековечен
В «Шаныраке» и «Акбулаке»,
В кетлинге и кибербуллинге,
В «Сулпаке» и реновации,
В исчезнувших трамваях,
Исчезающей мозаике,
В сгоревших памятниках
Советской архитектуры.

В январском тумане
Скрывается нечто ещё –
Если найдёшь какую-то связь,
Напиши петицию
В небесную канцелярию,
Чтобы было что рассказать
Следующему поколению.

Дәлізді кезіп,
Мысық біткенді үркітіп,
О дүниелік адамдар маған келетін.
Ескінің адамдары – киімдері біртүрлі тым.

Жатын бөлмені жауып ап, тыныш ән салатын,
Бөлмеге кірсем,
Қақ жарып мені әлдебір жаққа қарайтын.
Ал мысықтар жалайтын.

Еденге түскен ай-күміс түсті ақ жарық,
Сүт дәмі бардай айтқанға.
Маған бұ кісілер келген екен,
Менің Исам қайтқанда.

(Орыс тілінен тәржімалаған – Салтанат Қайырбек)

Бұл қала – мәңгіге тарихта қалмақ.
«Шаңырақ» пен «Ақбұлақта»,
Кетлинг пен кибербуллингте,
«Сулпак» пен реновацияда,
Жоғалған трамвайлар мен
Ғайыпқа сіңер мозайкада,
Өртке оранған
Кеңес архитектурасының
Ескеркіштерінде.

Тұманды қаңтарда,
Тағы не жасырынғанын білесің бе?
Егер әлдебір заңдылық тапсаң,
Аспан қанцеляриясына
Петиция жаз.
Келер ұрпақтың
Жадында қалсын жаңғырып.

(Орыс тілінен тәржімалаған – Айжарық Сұлтанқожа)

People from the underworld came to visit.
They walked in my hallway, scared my cats.
They wore strange clothes, these people
from the past.

They closed the door to the bedroom
and sang there softly, but as soon
as I entered, fell silent and looked
straight through me. The cats lapped

the light, moony and silvery, that had spilled
on the floor. It tasted a lot like milk.
People came to visit me
when my Jesus died.

(Translated by Nina Murray)

This city's immortalized
In Shanyrak's trauma, Akbulak's,
In kettling by police,
In cyberbullying,
In rebuilds, trees cut down
to "beautify" Sulpak,
In long-vanished tramlines,
In a missing mosaic,
In the burned-out landmarks
Of Soviet architecture.

Something else is hidden
In January's mist –
If you find any connection,
Offer up a petition
To the chancery of the heavens
So you'll have something to say
To the coming generation.

(Translated by Katherine E. Young)



АҚЖАН АМАНЖОЛ
АКЖАН АМАНЖОЛ / AKZHAN AMANZHOL

АҚЖАН АМАНЖОЛ

2001 жылы 31-наурызда Алматы қаласында дүниеге келген. Псевдоним – Ай қызы.

Қазіргі таңда Т.Қ.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық Өнер академиясында Кинотеледраматургия мамандығы бойынша 4-курсты тәмамдады.

«Қолтаңба» поэтикалық бірлестігінің жетекшісі. 2018 жылдан бері шығармашылық кездесулер мен поэзиялық кештер өткізіп жүр.

Өлеңдері «Қазақ әдебиеті», «Ұлан» газеті, «Мәдениет» журналы секілді республикалық басылымдарда, «Массaget», «Qalamger», «Әдебиет порталы», т.б. интернет-порталдарында жарияланған.

«Burshaq» шығармашылық бірлестігінің мүшесі.

2017 ж. 14- қазан мен 2018 ж. 10-ақпан аралығы – Алматылық Ашық Әдеби Мектептің Жастар Әдеби Шеберханасына қатысып, Дина Махметова мен Айжан Ахметтің жетекшілігімен проза жазудың шеберлік сыныбын тәмамдады. Оқыту курсының нәтижесінде шығармалары «Жеке кеңістік» атты әңгімелер жинағына енді.

2019 ж. тамыз-қараша аралығында Қазақстан Жазушылар одағында сайт редакторы болып қызмет атқарды.

АКЖАН АМАНЖОЛ

Родилась 31 марта 2001 года в городе Алматы. Псевдоним – Ай қызы[1]. В настоящее время учится на 4 курсе Казахской национальной академии искусств имени Т.К.Жургенова по специальности «Кинотеледраматургия». Руководитель поэтического объединения «Қолтаңба» («Автограф»). С 2018 года проводит творческие встречи и поэтические вечера. Стихи публиковались в таких республиканских изданиях, как газеты «Қазақ әдебиеті», «Ұлан», журнал «Мәдениет», интернет-порталы «Массaget», «Qalamger», «Әдебиет порталы». Член творческого объединения «Burshaq».

С 14 октября 2017 по 10 февраля 2018 года участвовала в работе Молодёжной литературной мастерской Открытой литературной школы Алматы, где обучалась на мастер-классе прозы, который вели Дина Махметова и Айжан Ахмет. Произведения, написанные во время курса, вошли в сборник рассказов «Жеке кеңістік» («Личное пространство»).

В августе-ноябре 2019 года была редактором сайта Союза писателей Казахстана.

AKZHAN AMANZHOL

She was born on March 31, 2001 in Almaty. Works under a pen name Ai kyzы (Moon girl).

She is currently in her fourth year at the Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts majoring in "Film Dramaturgy".

She is head of the poetry group "Qoltanba" ("Autograph"). Since 2018, it has held creative meetings and poetry evenings.

Her poems were published on a republican level in newspapers "Kazak әдебиеті", "Ұлан", "Madeniet" magazine, Internet portals "Massaget", "Qalamger", "Әдебиет порталы".

She is a member of the creative association "Burshaq".

From October 14, 2017 to February 10, 2018, she participated in the Youth Literature Workshop of the Almaty Open Literature School, where she took the prose master class led by Dina Makhmetova and Aizhan Akhmet. The works written at the time were included in a collection of stories "Zheke kenistik" ("Personal Space").

In August-November 2019, she was the editor of the website of the Union of Writers of Kazakhstan.

Өлеңдер

Көктемнің сен жайлы естеліктері
жейдеңнің түймесі секілді
байқалмай түсіп қалыпты.

Аңдаусызда жоғалған сезімдер мен
кескінің сіңген елес ойлар
көктен тамшы болып төгілердей,
қолшатыр ұстап шығыптын бүгін.

Соңғы үзіліп түскен сөздерің
енді ұмытыла бастап,
орала беретін
жаңбырдан кейінгі топырақ иісімен бірге
қайта жаңғырды санамда.

Аспанның жасы мен
сені қолдаушы ойларымның алдында
қолшатырым да қауқарсыз екен.

Көктемі келсе көңілдің...
алғашқы аппақ көбелек болып көрінсе,
кірпіктерің көтерген өткеннің өксігі
түнгі жаңбырмен төгілсе,
шашыңмен бірге өрілген ойларың
тамырын терең жайса,
шындығың бүршік жармаса да,
топыраққа сіңіп үлгерер.

Сонда
өз иелігіңде басталған соғыс алаңын тастап,
алақаныңда ызғары жұтылған кештердің жылуын,
қалтаңда жасырған бір уыс үміт пен қолыңның дірілін,
жүрегіңнің әлдебір тартпасында сақтаулы сезімді
есіңе аларсың...
Көктемі келсе көңілдің,
мезгілдің емес.

Бұл қала
естелік қоймасына айналғалы бері
тым тар бола бастады.
Мендегі ойлардың шоғын үрлейтін
көшелер демі
өкпеме орнығып алғанын сезгем.

Бүгін
қайда бағыт алсам да,
әлдеқашан жоғалған кешегі іздер
соңымнан еріп жүреді -
мына көшелер өткен күзіме куә,
мына көшеге өткен көктемім аян.

Білінбей өткен көктемнің гүлін
сәттердің құмырасына,
өзімді әлемге,
сосын мына қалаға сыйдыра алмай,
тұншыққанымда -
кенеттен кішірейіп,
әлдебір жақынымның төс қалтасында
жүрегінің дүрсілін тыңдап жатсам ба деймін.

Ауаны жүрек қана қажет етердей...

Воспоминания весны о тебе
Как пуговицы на моей рубашке,
Потерянные невзначай

И почему я сегодня вышла с зонтом?
Будто с неба каплями польются
Мысли,
пропитанные твоими образами
И потерянные ненароком чувства.

Я их уже почти забыла
Но как запах земли после дождя
Которого почти успеваешь забыть
вновь эхом пронеслись
в моей голове
твои слова

И вот
Оказалось, что и зонт мой
Бессилен перед
слезами неба
и моими мыслями,
голосующими за тебя.

Если бы весна пришла
Внутри тебя...
Как первая белая бабочка,
Если бы лил дождь,
И прошлое,
падающее с ресниц твоих
плакало бы вместе с ним.
Если бы мысли
Заплетаясь в волосы твои
Пускали бы корни глубоко,
То даже если правда твоя не зацветет
Она успеет впитаться в землю.

Тогда
Бросив поле битвы
Той внутренней войны,
Ты вспомнишь:
Теплый вечер,
в ладони твоей
растворивший холод,
И спрятанную в кармане горсть надежды
И дрожь рук,
И чувство,
Хранящееся
где-то там в груди.
Если бы весна пришла
Внутри тебя...
а не за окном.

Этот город
С тех пор как он превратился в архив
моих воспоминаний
Стал слишком мал.
Я подозревала,
Что дыхание улиц –
Красным углем
задувающие мои мысли
уже успели поселиться
в моих легких.

И даже сегодня,
куда бы я не направилась,
за мной не переставая идут
следы забытого прошлого.
Эти улицы –
свидетели моей давней осени,
Эти улицы –
очевидцы моей давней весны.

Задыхаясь,
от того, что не могу вместить
цветы ушедшей вдруг весны –
в кувшин моментов;

себя –
в этот мир и даже город,
мне хочется
сжаться в комочек
и в нагрудном кармане
близкого мне человека,
лежать,
слушая сердце его.

Будто воздух
лишь сердцу и нужен.

(Перевод: Айжарық Сұлтанқожа)

Memories of spring about you
Are like the buttons on my shirt
Lost by chance.

And why did I go out with an umbrella today?
As if the sky is pouring
Drops of thoughts,
soaked in images of you
And feelings, lost by accident.

I almost forgot them
But like the smell of the earth after the rain
The one you almost forgot
echoed again
in my mind
Your words

And so
It turned out that even my umbrella
Powerless under
tears of heaven
and my thoughts
voting for you.

If spring comes
Inside of you...
Like the first white butterfly
If it was raining
And the past
falling from your eyelashes
would cry with it.
If thoughts
Braided in your hair
Lets its roots deep down
Then, even if your truth does not bloom
There is enough time
For it to sink into the ground.

Then
Leaving the battlefield
Of your internal war
You will remember:
Warm evening,
Melting the cold,
in your palm
And a handful of hope hidden in your pocket
And trembling hands
And the feeling
Stored
somewhere in the chest.
If spring comes
Inside of you...
not outside the window.

This city
Since it turned into an archive
Of my memories
became too small.
I felt like
The breath of the streets -
Blowing the fire in my mind
have already settled
in my lungs.

And today
wherever I go
they keep following me
traces of a forgotten past.
These streets have seen
my past autumn,
These streets are
witnesses of the last spring.

Breathless.
can't contain
flowers of a bygone spring -
in a jug of moments;
and myself -
to this world and the city,
I would like to
shrink into something small
and rest in the breast pocket
of someone close to me
lying there
listening to his heart.

Like air
Is needed only by heart.

(Translate: Aizharyk Sultankozha)



АЛИШЕР РАХАТ
АЛИШЕР РАХАТ / ALISHER RAKHAT

АЛИШЕР РАХАТ 1995 жылы 11-қаңтарда Алматы облысы, Райымбек ауданы, Қарасаз ауылында дүниеге келген. Т.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық Өнер академиясының «кинотеледраматургия» мамандығын бітірген. Д.Исабеков, С.Балғабаев секілді Қазақстанға еңбегі сіңген жазушылардан тәлім алған.

Шығармашылық жетістіктері:

«Жалғыздың жары» драмасымен Мұхтар Әуезов атындағы академиялық драма театры жас драматургтер арасында өткізген конкурсының жеңімпазы атанды. (2015 жыл)

«Жалған мен шындық» пьесасы Өскемен қалалық діни басқармасының ұйымдастыруымен «Терроризмге қарсы драмалық шығарма» конкурсының жеңімпазы атанды және Өскемен қаласының сахнасында қойылды. (2017 жыл)

2017 жылы «Тәуелсіздік толғауы» Республикалық конкурсының «отбасы құндылықтарын айшықтайтын ең үздік пьеса» номинациясының лауреаты. («Туған күніңмен, анашым» драма)

2018 жылы Талдықорған қаласындағы «Ел тарихы – Жер тарихы» республикалық драмалық шығармалар конкурсының үшінші орын иегері. («Жалған мен Шындық» драма)

2018 жылы «Драма.Кз» заманауи драматургия фестивалінде шорт-листіне кірді. («Туған күніңмен, анашым» драма)

2019 жылы «Махаббатым – constant» прозалық кітабы жарық көрді

2019-2020 жылдар аралығында бірнеше әдеби газет-журналдар мен сайттарға шығармалары жарияланды. Ресейлік «Литерра» онлайн-журналына, «Қазақ әдебиеті» газетіне, «Әдебиет порталы», «Мәдениет порталы», «Адырна» журналы, «Жас Алаш» газеті, «Қаламгер» порталы.

2021 жылдың 13 қаңтарында «Туған күніңмен, анашым» драмасын «Өзге Эпик» өнер кеңістігінде «Старт Драма» театр лабораториясы сахналады. Режиссері Фархад Молдағали.

«Қара мысықтың қожайыны» әңгімесі «Қала мен Қазақ» прозалық конкурсының ынталандыру жүлдесін иеленді, әрі орыс, түрік, ағылшын тілдеріне аударылды.

Қытай еліндегі қандастар үшін екі әңгімесі мен романы төте жазуға қотарылып, сайттарға жарияланды.

«Burshaq» шығармашылық бірлестігінің негізін қалаушылардың бірі.

